

Ясауи университеті

ШЫНДЫҚҚА АПАРАТЫН БІРДЕН-БІР ЖОЛ – ҒЫЛЫМ ЖОЛЫ

университет студенттерінің үні № 03 (497) ақпан 2021 жыл



БҮГІНГІ НӨМІРДЕ

МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУҒА АРНАЛҒАН МАҢЫЗЫ ЗОР ДӘРІС

Алдағы уақытта дәрістерді Астана мемлекеттік қызмет хабының сарапшылары мен қатысушы елдердің сыртқы сарапшылары оқитын болады. Дәрістер тиімді мемлекеттік басқару, жаңа мемлекеттік басқару, мемлекеттік қызмет, стратегиялық форсайт, COVID-19 пандемиясының салдары және т.б. мәселелерді қамтитын болады.

2-БЕТТЕ

ЖЕТІЛДІРІЛГЕН ӘЛІПБИДІҢ ЕРЕКШЕЛІП

Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы осыдан 90 жыл бұрын қазақ тілінде 28 дыбыс бар екенін негіздеп, дәлелдеп, «Түріктің тұнық тілі, түзу емлесі қазақта» деп көрсеткен болатын. Ғалымның «Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тілі» дегенін ескерсек, еліміздің латын әліпбиіне көшуі – ұлтымыз үшін жасалған маңызды қадамдардың бірі.

3-БЕТТЕ

NIS ТӘЖІРИБЕСІН ӨҚІР МЕКТЕПТЕРІНЕ ТАРАТАМЫЗ

Айта кетейік, биыл Түркістан қаласында Назарбаев зияткерлік мектебін ашу жоспарланып отыр. Қазірдің өзінде университетте студент, магистрант, докторанттар қатарынан осы мектеп үшін кадрларды іріктеу және даярлау жұмысы басталып кетті.

3-БЕТТЕ

«ЮНУС ӘМІРЕ ЖӘНЕ ТҮРІК ЖЫЛЫНА» БАЙЛАНЫСТЫ ОНЛАЙН ФОРМАТТА КЕЗДЕСУ ӨТТІ

Таяуда Түркі әлемі жастарының ортақ оқу ордасына айналған Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті мен Анадолы университетінің ұйымдастыруымен «Ахмет Ясауи мен Юнус Әміренің даналық сабақтастығы» тақырыбында онлайн-конференция өтті.



Ахмет Ясауи университетінің Өкілетті Кеңес төрағасы Мухиттин Шимшек модераторлық жасаған алқалы жиында Түркия Республикасы Президентінің Бас Кеңесшісі, профессор Ибрахим Калын, Түркия Республикасының Мәдениет және туризм вице-министрі Сердар Чам, Түркия Республикасының Қазақстандағы Төтенше және өкілетті елшісі Уфук Екиджи, Анадолы университетінің ректоры Фуат Ердал, Ахмет Ясауи университетінің ректор өкілі Жәңгіз Томар құттықтау сөздерін айтып, конференция жұмысына сәттілік тіледі.

2021 жыл Түркия Республикасының Президенті Реджеп Тайып Ердоғанның шешімімен «Юнус Әміре және Түрік тілі жылы» деп жарияланған болатын. Бұл атаулы жылда өткізілетін бірқатар іс-шаралар бүгінгі жиыннан бастау алады. Юнус Әміре шығармалары, соның ішінде Рисалетүл-нұсхийе, Юнус Әміре диуаны бүкіл әлемге кеңінен таралған. Бұл диуандағы шығармалардың құрамында ұлы Қожа Ахмет Ясаудің «Диуани хикмет» нұсқалары секілді басқада ақындардың хикметтері де кездеседі.

Ұлы бабамыз Ахмет Ясауи ілімін, рухани мұрасын жалғастырушы Юнус Әміре - Түркі әлемінің ірі тұлғасы. XIII-ғасырда Анадолыда өмір сүрген белгілі ақын Юнус Әміре Қожа Ахмет Ясаудің жолын жалғап, өлеңдерін түрік тілінде жазған. Түркі - Ислам ауыз әдебиетін жазбаша қалыпқа келтірген. Аталған жазбалар Анадолы,

Балқан және басқа да көптеген елдерде кеңінен таралған.

Конференцияда сөз алған Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің президенті Б. Абдрасилов Қазақстан мен Түркия достығының алтын көпіріне айналған Ахмет Ясауи университетінің атынан осы мерейлі жылға қатысты жоспарларымен бөлісіп, жиынға қатысушыларға алғысын білдірді.

«Түркі халықтары үшін Анадолыдағы Қожа Ахмет Ясауи жолын қуған сопылық мектептің негізін қалаушы, түрік ақыны Юнус Әміренің орны ерекше. Үстіміздегі жылды «Юнус Әміре және Түрік тілі жылы» деп жариялау бүкіл түркі әлемі үшін тарихи маңызды шешім, үлкен қуаныш болып отыр. Мерекелік шаралар бүгіннен бастау алып отыр. Осыған байланысты «Ахмет Ясауи мен Юнус Әміренің даналық сабақтастығы» атты бүгінгі жиын атажұрт пен Анадолыны рухани тұрғыдан байланыстыратын шара. Осындай ұлы тұлғаның шығармашылығын зерттеп, даналық хикметтерін талқылауға жиналған конференция қонақтарына айтар алғысымыз шексіз» - деді Болатбек Серікбайұлы.

Түркия Республикасы Президентінің Бас Кеңесшісі, профессор Ибрахим Калын өз сөзінде:

«Ұлы бабамыз Ахмет Ясауи ілімін, рухани мұрасын жалғастырушы Юнус Әміре –Түркі әлемінің ірі тұлғасы. Бауырлас қазақ пен түрік мемлекетіне ортақ Ахмет Ясауи мен Юнус Әміренің құнды мұралары ұрпаққа аманат болып қала бермек. Мақсатымыз бабалар сабақтастығын байланыстыру, бауырластықты нығайту» - деді.

Конференция екі мемлекеттің ғалымдары мен зиялы қауым өкілдерінің тематикалық баяндамаларымен жалғасты.

Онлайн конференцияға екі мемлекеттен 400-ден астам ғалымдар мен зиялы қауым өкілдері және студенттер қатысып, Ахмет Ясауи мен Юнус Әміренің даналық ойлары мен құнды жәдігерлері жайлы мәліметтермен бөлісті.

Атап айтқанда, Түркияның Сакария университетінің ректоры Хашим Шахин, Ахмет Ясауи университетінің ғалымы Досай Кенжетайлар бастаған қазақстандық және түркиялық ғалымдар мен зиялы қауым өкілдері тематикалық баяндамалар жасады.

Айта кетейік, жиын ZOOM бағдарламасы арқылы онлайн форматта өтті.

ТҮРКОЛОГИЯ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫ ҚОРЫНДАҒЫ СИРЕК КЕЗДЕСЕТІН ЕҢБЕКТЕР

Университетімізде Түркология институтының ұйымдастыруымен «Түркология ғылыми-зерттеу институты қорындағы сирек кездесетін еңбектер» атты онлайн-семинар өтті. Семинарда арнайы баяндама жасаған институт қызметкері З.Муминова 2019 жылы институтымыздың қолжазба қорында жинақталған еңбектердің ғылыми сипаттамасына тоқталды. Әзірге сипаттамасы жасалып 2 томдық каталогқа топтастырылған 500-ден аса еңбектердің дені қолжазбалар мен литографиялық, типографиялық сирек кездесетін еңбектер жайында баян етті. Түркология ғылыми-зерттеу институтының қорында негізінен ел ішінен жиналған әңгімелерден бастап дастандар, ертегілер, діни бағыт бойынша Құран, тафсир, тасаввуф, фикһ, хикметтер, ғазал, қисса, айтыстар, ертегілер, аңыз-әпсаналар және сол сияқты тақырыптар сақталған. Түркі жұртына ортақ Ясауи, Науаи, Фузули, Юсуф Хасхажиб, Машраб, Руми сияқты танымал тұлғалардың еңбектері бар екенін хабардар етті. Көлем жағынан ең үлкені 700 беттен асса, ең азы

бірнеше парақ болатын еңбектер араб, парсы, көне түркі, еврей (жөйт), қазақ және өзбек тілдерінде, араб, парсы, иврит, латын, кирилл әліпбиімен жазылып сақталғанын айтты. Баяндамашы, Түркістан халқының қолында әлі де зерттеуге түспеген құнды еңбектердің бар екенін, егер экспедицияға шығып көне еңбектерді жинайтын болсақ біраз құнды дүниелер табатынымыз сөзсіз деп, өз ұсынысын да жеткізді.

Семинарда университетіміздің ректор өкілі, профессор доктор Жәңгіз Томар, ф.ғ.д., профессор Досай Кенжетай, Түркология институтының директоры, профессор Булент Байрам Түркология институты қорындағы қолжазбалардың маңызы туралы сөз сойлеп, семинарға қатысқан ғалымдар мен студенттерге алғыстарын жеткізді. Семинар соңында Түркология ҒЗИ директоры Булент Байрам маңызды баяндама жасағаны үшін З.Муминованы Алғыс хатпен марапаттап, ризашылығын білдірді.

Роза ЕСБАЛАЕВА,
Түркология ғылыми-зерттеу институты

АҚПАРАТТАР АҒЫНЫ

МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУҒА АРНАЛҒАН МАҢЫЗЫ ЗОР ДӘРІС

Жуырда университетіміздің ұжымы мен білім алушыларына арналған Мемлекеттік басқару және аймақтық даму бағдарламасы мен Астана мемлекеттік қызмет хабының ұйымдастыруымен Астана мемлекеттік қызмет хабы Басқарушы комитетінің төрағасы Алихан Байменов ашық лекция оқыды. «Мемлекеттік басқаруға кіріспе. Доктриналар. Концепциялар. Тиімділік шарттары» тақырыбындағы ашық дәріс ZOOM бағдарламасында қашықтықтан өтті. Дәріс барысында Әл-Фараби мен Жүсіп Баласағұн сынды ғұламалардың мемлекеттік басқаруға қосқан үлестері, Ислам өркениетіндегі заңнама негіздері туралы, Мемлекетті басқаруды жетілдіру жайы кеңінен әңгіме қозғады. Аталған іс-шараға университетіміздің ректоры Б. Абдрасилов, ҚР Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының ректоры Ерлан Әбіл, Экономикалық зерттеулер институтының өкілдері, университетіміздің оқытушы-профессор құрамы мен білім алушылары қатысты. Ашық лекциялар циклі түрінде өтетін алғашқы дәрісті ашық деп жариялаған университетіміздің ректоры Б. Абдрасилов, университетіміз бен Астана мемлекеттік қызмет хабының арасындағы ынтымақтастықты одан әрі нығайту мақсатында және жасалған меморандум негізінде 2020-2021 оқу жылының көктемгі семестрінде бірқатар ашық дәрістер өткізу туралы келісім жасалғанын атап өтті. Онлайн дәріс соңында қатысушы білімгерлер Алихан Мұхамедияұлына көкейлерінде жүрген сауалдарын жолдап, тұщымды жауаптарын алды.

Алдағы уақытта дәрістерді Астана мемлекеттік қызмет хабының сарапшылары мен қатысушы елдердің сыртқы сарапшылары оқитын болады. Дәрістер тиімді мемлекеттік басқару, жаңа мемлекеттік басқару, мемлекеттік қызмет, стратегиялық форсайт, COVID-19 пандемиясының салдары және т.б. мәселелерді қамтып, ZOOM платформасының көмегімен онлайн режимінде жалғасатын болады.



ҚЫСҚА ҚАЙЫРҒАНДА...

Медицина факультетінің ұстазы, п.ғ. докторы, профессор Үсен Байзақ Ресей жаратылыстану академиясының Академигі атанды.

Үсен Ахметұлы жоғары медициналық оқу орнындағы көп жылғы тәжірибелерін жинақтап, Қазақстанда алғаш рет медициналық жоғары оқу орындары студенттерін кәсіби даярлауда медициналық техникаларды қолданудың ғылыми педагогикалық негізін жасаушы. Осы мәліметтер негізінде педагогика ғылымдары саласы бойынша докторлық диссертациясын қорғаған. Сонымен қатар ол тест даярлаудың жаңа технологиясын жасап және студент білімінің көрсеткіші рейтингті стандарттаудың технологиясын алғаш болып ұсынды. Үсен Ахметұлын академик ғылыми дәрежесін алуымен құттықтаймыз!

Qazsaq Media корпорациясы үстіміздегі жылы педагогтар арасында республикалық «Лидер-Педагог 2021» конкурсын өткізген болатын. Осы байқауда университетіміздің профессоры Сейдулла Садықов «Үздік педагог» номинациясымен марапатталды. Qazsaq Media «байқау қатысушыларының жоғары деңгейде әзірленгенін және олардың республикамыздың үздік ұстаздарының қатарында екені» атап өткен.

Біз де «Журналистика» кафедрасында қызмет етіп жатқан ардагер ұстазымызға құтты болсын айтып, сәттілік тілейміз!

Жақында Түркістан қаласында ашылғалы отырған «Назарбаев зияткерлік мектебі» өз жұмысын бастап кетті. Мектептің басты тұлғасы ұстаз болғандықтан мұғалімдерді іріктеу жұмысын біздің университеттің бітіруші педагогикалық мамандық білімгерлері арасынан да қарастыруда. Осы мақсатта елордадан арнайы келген «Назарбаев зияткерлік мектебі» өкілдерінің бірлесе ұйымдастыруымен білім алушыларымыз тест тапсырды.

Жаратылыстану факультеті, Физика кафедрасы мен Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті, Физика – математика кафедрасының оқытушы-профессорларының арасында онлайн режимінде өзара ынтымақтастықты нығайту бағытында біріккен семинар өткізілді. Семинар тақырыбы: «Магистранттардың ғылыми жұмыстарын жүйелеу және педагогикалық бағыттағы ғылыми ізденістерді бірлесе пікір алмаса отырып жетілдіру». Семинар барысында екі жоғары оқу орындарының оқытушы құрамы мұндай ынтымақтастықта бірлесе атқарған ғылыми ізденістер магистранттар және олардың жетекшілері үшін де тигізер пайдасы жоғары деген қорытындыға келді.

ЖАС МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ МЕКТЕБІНІҢ ЖАҢА МАУСЫМЫ АШЫЛДЫ

Таяуда оқу ордамызда «Жас мемлекеттік қызмет мектебінің» жаңа маусымының ашылу рәсіміне арналған жиын өтті. Бұл жоба Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет агенттігінің Түркістан облысы бойынша департаментімен бірлесе жүзеге асырылуда.

Аталмыш жиынға университетіміздің ректоры Болатбек Абдрасилов, ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Түркістан облысы бойынша департаментінің басшысы Айбек Шілманов, оқу ордамыздың I вице-президенті Жәңгіз Томар, вице-президенттер, құрылым басшылары, факультет декандары мен студенттер қатысты. Одан өзге, онлайн жүйеде білім алып жатқан студенттер жиынды ZOOM және (yassawi tv) ютуб каналы арқылы тікелей эфирде қатысуға мүмкіндік алды.

Жиын барысында оқу ордамыздың ректоры Болатбек Абдрасилов: «Жаңадан құрылған Түркістан облысының мемлекеттік мекемелеріне кадрларды даярлау мақсатында құрылған мемлекеттік басқару және экономика жоғары мектебінің жетістіктері жайлы айтып өтті. Бітіруші түлектерді ел игілігі үшін қызмет жасауға шақырды. Өткен жылдардағы мектеп түлектерінің басым бөлігі түрлі мемлекеттік қызметке тұрып, оның шарттарына тез арада бейімділік және сәтті карьералық даму көркеткенін байқадық. Студенттерімізге сәттілік тілейміз» - деді.

Сондай-ақ, сөз алған университетіміздің I вице-президенті Жәңгіз Томар, университетімізді бітірген түлектердің еліміз бен түркі мемлекеттерінде қызмет жасап жатқанын тілге тиек етіп, шәкірттер жетістігімен мақтанатындығын жеткізді.

ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Түркістан облысы бойынша департаментінің басшысы, облыстық Әдеп жөніндегі кеңес төрағасы Айбек Шілманов өз сөзінде, мемлекеттік қызметке жастарды тарту мәселесін алға тартып, Мемлекет басшысының жас буынды басқарушылық лауазымдарға орналастыруға баса назар аударып отырғанын айтты. Президентік жастар кадрлық резерві жасақталғанын жеткізді. Өз кезегінде осындай кездесу

ұйымдастырып отырған оқу орда басшылығына алғысын айтты.

Айта кету керек, 2018 жылы Елбасының тарихи шешіміне сәйкес, Түркістан қаласы Оңтүстік өңірдің облыс орталығына айналғаннан кейін өз жұмысын бастаған мектепке 37 студенті қабылданып, оның 16% мемлекеттік қызметке орналасқандығын айтып өтті.

Мемлекеттік басқару және аймақтық даму бағдарламасының жетекшісі Х.Масадиков мемлекеттік қызметкерлерді даярлау жұмысы жайлы айтып, алдағы жоспарларымен бөлісті. Соңғы жылдары жастар арасында «Мемлекеттік және жергілікті басқару» мамандығына деген қызығушылық артқанын айтты. Ал, Мемлекеттік қызмет мектебінің 2018-2019 және 2019-2020 жылғы кезеңдерінің түлектері И.Сейітбек пен Е.Төрехан университет ректоры Б.Абдрасилов пен білім берген ұстаздарына алғысын білдірді.

Бұған дейін бұл жобаға тек қана Мемлекеттік басқару және экономика жоғары мектебі және Әлеуметтік ғылымдар факультетінің бітіруші курс білім алушылары қатысқан болса, 2020-2021 оқу жылынан бастап университетіміздің барлық мамандықтарын қамту жоспарланып отыр. Жас мемлекеттік қызметкер мектебі 2018-2019 оқу жылынан бері жұмыс жасауда. Биылғы мектептің 3-маусымына университетіміздің түрлі мамандықтарында оқитын 4-курс студенттерінен 21 тыңдаушы қабылданды. Оқу бағдарламасы аясында тыңдаушылар жеке және басқару құзіреттілігін дамытуға бағытталған тренингтерден өтіп, мемлекеттік қызмет үміткерлеріне арналған емтихандарға дайындалады. Сонымен қатар, Түркістан облысының мемлекеттік мекемелерінде тағылымдамадан өтеді.

Айта кетейік, бүгінгі күні облысымызда 7 мыңнан астам мемлекеттік қызметші бар болса, соның 22%-ға жуығы 30-ға дейінгі жастар болып табылады.

Өткен жылы жалпы конкурс нәтижесімен лауазымға 729 азамат мемлекеттік қызметке қабылданған болса, соның 406-ы немесе 55,6% белсенді жастарды құраған.

ЖЕТІЛДІРІЛГЕН ӘЛІПБИДІҢ ЕРЕКШЕЛІГІ

Соңғы үш жылда латын графикасы негізінде жаңа әліпби нұсқасы бірнеше рет жарияланды. Шартты түрде диграфты, апострофты, акутты әліпби нұсқалары деп атауымызға болады. 2021 жылдың 28 қаңтарында А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты ғалымдарының «жетілдірілген әліпбиі» умляутты нұсқасы жарияланды. Әліпбидің басты артықшылығы – «бір дыбысқа – бір әріп ұстанымымен» әзірленуі қуантарлық, құптарлық жайт. Алдыңғы жобадағы акут белгісі (әріп үсті нүкте) жетілдірілген әліпбиден мүлде алынып, оның орнына умляут белгісіне (әріп үсті қос нүкте) басымдық берілгенін көріп отырмыз. Диграф сияқты екі әріп қосындысынан жасалған әріптер жоқ. Бұндағы умлаут белгісі арқылы тілдің табиғи болмысын бұрмалаусыз сақтауға болатындығын аңғарамыз. Жаңа әліпбиді жетілдіру барысында диакритикалық (умлаут, бревис, седиль және макрон) белгілердің қызметі мен мазмұны да ескерілген.

Жаңа әліпбидің соңғы жағындағы "с, х, w" әріптерінің тек цитаталық принциппен жазылатындығы, яғни кірме сөздерді түпнұсқа бойынша таңбалау үшін арналғандығы ескерілген. Шетелдік сөздерде ғана, халықаралық бренд атауларын жазуда: "Coca-Cola", "Windows", "EXPO" т.б." қолданылатындығы айқындалған.

Әліпби ауыстыру жай ғана таңба ауыстыру емес. Бұл, түптеп келгенде, сананы өзгертуге тал-

пыныс. Кезінде орыс тілінен енген сөздерді жазу үшін қазақ тілінде жоқ, жат, кірме дыбыстардың зорлықпен енгізілгендігі белгілі. Содан емле саны артты.

Жалпы әлемдік тәжірибедегі әріп саны мен емле ережелерінің көптігі әліпбидің әлсіздігін көрсететін факторлардың бірі саналған. Осы кирилден латын әліпбиіне ауысудағы негізгі мақсат – қазақ тілін бұзып тұрған басы артық әріптерден құтылу. Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы осыдан 90 жыл бұрын қазақ тілінде 28 дыбыс бар екенін негіздеп, дәлелдеп, «Түріктің тұнық тілі, түзу емлесі қазақта» деп көрсеткен болатын. Ғалымның «Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тілі» дегенін ескерсек, еліміздің латын әліпбиіне көшуі – ұлтымыз үшін жасалған маңызды қадамдардың бірі. Әлемнің алдыңғы қатарлы дамыған елдерінің түгелге жуығы латын әліпбиін қолданып отыру бекер емес. Демек, рухани тәуелсіздікке де жетеміз десек, бабаларымыздың бізге аманаттап қалдырып кеткен әуезді, қуатты, ең таза, бай, шұрайлы ана тілімізді табиғи қалпын сақтаймыз десек, орыс тілінің ықпалынан шығып, «көш жүре түзеледі» деген ұстаныммен тіл аясын кеңейтіп, латын әліпбиіне тез арада көшуді, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты ғалымдары ұсынған 31 таңбадан тұратын жаңа нұсқасын қолдаймыз.

Жазира ИСАЕВА,
қазақ филологиясы кафедрасының
ф. ғ. к. қауымдастырылған
профессоры



NIS ТӘЖІРИБЕСІН ӨҢІР МЕКТЕПТЕРІНЕ ТАРАТАМЫЗ



Қожа Ахмет Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университеті мектеп мұғалімдерін даярлау бағытында Назарбаев зияткерлік мектебінің үздік тәжірибелерін оқу жоспарына енгізу бойынша өзара уағдаластыққа қол жеткізді.

Бұл туралы жақында ғана оқу орнымызда Назарбаев зияткерлік мектептері дербес білім беру ұйымының төрайымы К.Н.Шәмшидиновамен өткен кездесуде белгілі болды. Енді оқу орны Түркістан облысының мектептері үшін педагог кадрларын даярлауды жетілдіру, НЗМ тәжірибесін өңір мектептеріне тарату, университет оқытушылары құрамынан коуч-тренерлерін оқыту бойынша зияткерлік мектептермен бірлескен жобаны жүзеге асыратын болады.

Айта кетейік, биыл Түркістан қаласында Назарбаев зияткерлік мектебін ашу жоспарланып отыр. Қазірдің өзінде университетте студент, магистрант, докторанттар қатарынан осы мектеп үшін кадрларды іріктеу және даярлау жұмысы басталып кетті.

Назарбаев зияткерлік мектептері дербес білім беру ұйымына қарасты педагогикалық өлшемдер орталығының жетекшісі А.С.Шилибекованың басшылығымен 13 ақпан күні бакалавриат, магистратура және докторантураның 120 үздік түлектерінен арнайы пәннен және қазақ, орыс, ағылшын тілдері бойынша тілдік құзыреттіліктен кешенді емтихан қабылданды. Енді үздік нәтиже көрсеткен білімгерлер оқытудың интенсивті технологиялары бойынша арнайы курстардан өту үшін тиісті топтарға іріктеліп оқытылатын болады.

Бекжігіт СЕРДӘЛІ

БІЛІКТІЛІГІН ЖЕТІЛДІРІП ҚАЙТТЫ

2021 жылдың 4 қаңтар – 5 ақпан аралығында, университетіміздің клиника-диагностикалық орталығында қызмет ететін мамандар І санатты дәрігер-уролог Нұралы Абуов, жоғары санатты анестезиолог-реаниматолог Ерлан Мұстафаев, дәрігер-нейрохирург Еркін Дүйсебеков, дәрігер-нефролог Фуркат Мирзаев, дәрігер-эндокринолог Нұр Маратқызы Түркияның Медипол Мега университетінің аурухана кешенінде бір ай бойы кәсіби білімдерін арттырып қайтты.

Оқу аяқталғаннан кейін клиника дәрігерлері Ыстанбұл Медипол университетінің сертификаттарымен марапатталды. Елге қайтып келген дәрігерлер клиника бас дәрігері Осман Ажарға алғыстарын білдіріп, әріптестерімен біліктілік курстарында жинақтаған тәжірибелерімен бөлісті. Оқу кезінде кли-

ника дәрігерлеріміз түрлі хирургиялық оталарға, Da Vinci жүйесінің роботты хирургиялық қондырғыларын қолдану арқылы жасалатын оталарға қатысып, медицина саласындағы соңғы заманауи әдістерді бақылаған. Мұндай роботты қолдану арқылы жасалатын оталар онкоурология, абдоминалды хирургия, кардиохирургия, нейрохирургия және ортопедия салаларында жүргізіледі.

Сондай-ақ, Медипол Мега университеті ауруханасының заманауи медициналық жабдықтарымен танысып, аурухана білім мен зерттеулерге үлкен мән беретінін айтып кетті.

Дәрігерлер Түркия елінде алған білімдерін клиника-диагностикалық орталығы дәрігер мамандармен бөлісіп, жинаған тәжірибелерін клиника жұмысына еңгізіп, клиникамыздың медицина саласында үлкен жетістіктерге жетуіне үлес қосады деп үміттеміз!



СТУДЕНТ ЖАЗБАЛАРЫ

Студенттер беті

АУДИТОРИЯ



ЖІГІТТІ ҚЫРЫҚ БІР ҮЙДЕН ТЫЙДЫҚ

Алыс сапарға тездетіп шығу керек болды. Бісмілләмді айтып жолға шығып кеттім. Ұзақ жолдарды артта қалдырдым. Бір кезде ауыл маңына жақындай бергенімде көлігім бұзылып қалды. Мұны жөндеумен талай уақытымды өткізіп алдым. Дәл осы мезетте маған көлемі кішкене ғана темір мен су өте қажет болды. Ауыл арасын аралап жүріп, алдымнан сыныптас қызым Айдананы жолықтырып қалдым. Таңырқай қарап, жағдай сұрасты. Мен оған мән жайды түсіндіріп едім, әп-сәтте іздегенімді тауып берді. Айданаға, бұл ауылға өте риза болғанымды сөзбен жеткізе алмадым.

Бұл 41 үй деп аталатын ауыл. 41 үй ауылы өте сыпайы, төрт түліктері сай, мәдениетті, қонақжай халық екен. Әрбір үй салт-дәстүрді мықты ұстанған. Ауыл іші тазалыққа да қатты көңіл бөлгені маған жақсы әсер қалдырды. Бұл ауылдың аты затына сай бұрыннан 41 үй бар екені белгілі болды. Ежелден бері осы үйлер қатарын көбейткен де азайтқанда үйлер болмапты. Дәл осы 41 үй. Ауыл ішіндегі 41 үйдің бәрінде дерлік қарт кісілерді көрдім. Бұл ауыл өзі қазынаға да толы екен деп таңырқадым. Ал мен көлігімді жөндеп, келген ісімді бітіріп, қалаға келдім.

Міне, жаз мезгілінің алғашқы айы. Қала



іші ала-сапыран. Достарыммен бассейнде көңіл көтеріп, сергіп жүрміз. Біздің арамызда алаңғасарлау, бұзық Әліпбек деген бала бар еді. Оны қасымызға ертіп жүргелі әр жерде бір күлкіге қалып, жұрттан сөз де естіп жүреміз. Біз мұнысынан шаршайдық. Бұл ісін қалай және қашан доғаратынын білмейміз.

Бір күні жолдастарымызбен ақылдасып, Әліпбекті бір жөнге салудың

жолын іздедік. Ойымызға ештеңе келмей қойды. Еш нәрсе шеше алмай, қайтар жолда көлігім тағы бұзылды. Бұзылған жерін қарасам әлгі ауыл ішінен алған темір сынып қалыпты. Мен бұған қуана кеттім. Достарым менің көлігім бұзылып тұрғанда қуанғаныма таңырқайтын сыңай танытты. Ал мен оларға бір ой бар деп 41 үй ауылын айта кеттім. Олар мұны неге айттың дегенде Әліпбекті осында 1 айға жіберейік деп айттым. Бәрі де келісе кетті. Біз де 1 ай алаңсыз көңіл көтеретін болдық деп мәзбіз.

Іске көштік. Әліпбекті онда қалай жібереміз деген ойлар туды. Сонда менің ойыма Әліпбектің сыныптағы Айдана деген қызды ұнататыны оралды. Міне бұйырғандай дәл сол Айдана 41 үй ауылының қызы екені есіме түсе қалды. Достарымызбен Әліпбекке барып ойластырғанымызды айттық. Оның езуі құлағына жетіп сол ауылға кеш құрым жолға шықты. Біз де қарқылдап күліп бір риза болып қалдық.

Арада бір ай өтті. Әліпбек арамызға келген жоқ. Біз өзіміз барып көруді жөн көрдік. Бұл ауылға жете салысымен Әліпбекті көрдік. Бірақ ол бізді байқаған жоқ. Артынан аңди түстік. Әліпбекті жұрт мақтап, барлық жұмыстарды істетіп, ауыл ішін қоқыстардан тазалап жүр

екем. Қасында керікті Айдана бар. Әліпбек Айданаға сүйсіне қарап қойып, ісін шабыттана істеуді жалғастыра берді. Біз оның бақытты жүзін көріп, қалаға қайтадан жол тарттық. Әліпбектің әке-шешесіне жолай сәлем беруді жөн көрдік. Үйінің іші тып-тыныш. «Әліпбек кеткелі бұл жер тым-тырыс болған секілді» деп қасындағы досым күліп жіберді. Алдымыздағы есіктен: -Иә Әліпбекті сағындық, үйіміз тыныштыққа толы болып қалды - деп әкесі шыға келді. Біз ұялып қалдық. Әкесі бізді күлімсіреп дастархан басына шақырды. Ал жүрген жөндеріңді айтыңдар деді. Біз Әліпбектің жай күйінің барлығын түсіндіріп

бергенде, жаңағы әзілкеш досым «иә балаңыз 40 үйден емес, 41 үйден тыйылыпты» деп қарқылдап жіберді. Үстел басындағы барлығымыз күлкімізді тыя алмай қалдық. Міне осылайда Әліпбектің оқиғасы бізді әуреде де салды, қуанышқа да бөледі...

Аян АТАБЕК,
1-курс студенті

АЛДЫҢҒЫ БУЫНҒА
ҚАРАП БОЙ ТҮЗЕЙМІЗ

Өзімнің білім алып жатқан университетімді мақтан тұтамын. Осында білім алып жатқаным қуанамын. Тәуелсіздікпен құрдас оқу ордамыздың айтары мен берері өте көп. Бұл университетті таңдаған себебім бұл жерден көптеген танымал спортшылар, әншілері мен актерлар, ғалымдар шыққан екен. Бұл ұстаздардың мықтылығынан деп ойлаймын. Бір мысал келтіре кетейін.

Шерхан Сұлтанбек, Жаңақорған қаласында 1996 жылы дүниеге келген. Балалық шағы сол өзінің туып өскен жерінде өтеді. Мектеп бітірген соң, киелі Түркістан қаласындағы Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Өнер факультетінде, актёр мамандығында білім алған. Шерхан Сұлтанбек өз білім алған оқу ордасы Ясауи университетін былай деп еске алады: «2014 жылы Қ. А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетін бітірдім. Жоғарғы оқу орнын бітіргелі өз мамандығым бойынша жұмыс жасап жатырмын. Таңдаған мамандығым өзіме қатты ұнайды. Білім берген ұстаздармыздың берген білімінің

нәтижесі, оларға алғыс айтамын. Өнер адамы болғандықтан, кейде сахнада қобалжу мен толқу да болады. Өнер адамы соның бәрін жеңіп халықтың жүрегіне жол таба білу керек».

Шерхан Сұлтанбек «Ән аға», «Көне жетігеннің сыры», «Төле би», «Бекзат» деген тарихи киноларға түскен. Берік Тұрсынбеков ағамыздың қызықты да, күлкілі «Күлпаштың хикаялары» киносында да рөл сомдап жүр.

Біз білім алып жатқан оқу ордасының осындай түлектері бар. Ахмет Ясауи университетін бітірген елге танымал өнер жұлдыздары Нұржан Төлендиев, Жұлдызай Дүйсенбиева, Алтынай Жорабаева, ақын Серік Сейтман сынды аға-апаларымызға қарап бой түзейміз. Біздің арамызда да осы кісілердей оқу орнымыздың атын шығаратын талай шікірттердің білім алып жатқанына сенімдімін. Ұстаздарымыздың бойымызға құйып жатқан білім нәрін сіңіре білсек болғаны.

Ақбота ӘЙБЕШ,
1-курс студенті



Мәдениет қайраткері Абылайхан ОСПАНОВ:



Өзіңіз бір сөзіңізде «Мен үшін Қазақстанның барлық жері бірдей», - деп айтып өттіңіз. Ал негізінен өзіңіз қай өңірдің тумасы едіңіз?

– Мен Түркістан облысы, Кентау қаласына қарасты Хантағы елді мекенінің тумасымын. Осы жерде өсіп, білім алдым. Хантағыда екі мектеп бар еді. Оның біреуі қазақ, екіншісі орыс мектебі. Орыс мектебі Абайдың атында, қазақ мектебі Пушкиннің атында, ал мен сол Пушкин мектебінің түлегімін. Осы білім ордасында белгілі сыншы Өшірбек Сығаев та білім алған болатын.

Сіз сегіз қырлы, бір сырлы жансыз. Осы тұста өзіңіздің қызмет атқарған жолдарыңызды айтып берсеңіз?

– Қызмет таңдаған жоқпын, жалпы мамандық таңдадым. Таңдаған бағытым - өнер жолы. Осы жолда көптеген жылдар бойы қызмет атқарып келе жатырмын. Шақырмаған жерге барма, шақырған жерден қалма деп, үлкеннің де, кішінің де той жиынында, тағы да басқа мерекелерінде, концерттерге зейін қойып, өз өнерімді халық алдында көрсетіп келе жатырмын. Жалпы Мәскеуде қазақ өнерін насихаттаушымын. Әміре Қашаубаев атындағы ән байқауының лауреатымын. Менің қызметтерімді осы деп атауға болады. Ал енді ең жақсы көретін ісім балабақшадағы жұмысым еді. Балабақшада 18 балалар тобында концертмейстер болып жұмыс атқардым. Оның ішінде 8 орыс тобы және 10 қазақ тобы болды. Ол кезде 4 топта 1 ставка болатын. Егер қазірде сол заман ақшасын берсе, сол заманның рухани байлығын берсе, мен қазір де сол балабақшада жұмыс істеген болар едім... Ал мәдениет саласында қазір жұмыс істеп келе жатырмын, алайда бұл тек қана келісім шартпен.

Негізінен өзіңіз қаймағы бұзылмаған қазақ ауылынан шыға тұра, неліктен Ресей мемлекетіне жол тарттыңыз?

– «Осы мен кезбеймін, есегім кезеді», - дегендей мен той домалақта жүрген кезде, Юлдуз Усманова және тағы басқа көптеген шығыстың әртістерін көкке көтеріп, жалауын желбіретіп жүрген Назым Надилов деген продюсерге кездесіп қалдым. Ол Мәскеу қаласында тұрады. Ағылшын, орыс, қазақ тілдерінде сайрап тұрған азамат, біздің жерлесіміз. Міне сол кісі менің домбыра ойнау шеберлігімді, ән салғанымды көріп Мәскеуге шақырды. Осы себеппен мен Мәскеу қаласына келген болатынмын. Сөйтіп, Мәскеуде 8 жыл тұрдым. Қазір де сол Мәскеуден айлық аламын. Алматы қаласында тұрып жатырмын. Алайда, туып-өскен Хантағыға жиі барып тұрамын.

Сіздің керемет талантыңыз, дауыс ырғақтылығыңыз, домбыра сүйемелдеу қабілетіңіз кімнен дарыған қабілет деп саянсыз?

– Менің нағашы әжем суырып салма ақын болған. Бірақ оны сол заманда ақындық өнерге деген өкімет тарапынан деген қолдау болмағандықтан, ол өнер шыңдалмаған болатын. Әйтпесе әжем келген қонақтарға, ауылдың алты ауызын айтып, ақындығынмен көзге түскен жандардың бірі еді. Жалпы атам Оспан да өнерден кенде емес. Сондай-ақ, салиқалы молда еді. Сол енді өнер мен имандылық жолдан, тазалық жолдан келген дарын шығар деп ойлаймын. Негізі талант анандан дариды дейді ғой. Мүмкін сол ананның сүтімен келген өнер шығар.

Қандай композитордың әндерін орындайсыз?

«АДАМ КӨБІНЕСЕ ТӘЖІРИБЕДЕН ШЫҢДАЛАДЫ»

Өнері тұнған Оңтүстік өлкеден шыққан өнші, ел арасында той-думанның көркі болып, рухани жан азығын насихаттаушы, Қазақстан Республикасының мәдениет қайраткері Абылайхан Оспановпен сұхбатты назарларыңызға ұсынамыз.

Мен негізінен композитор Бекжігіт Серделінің барлық әндерін насихаттаушы, орындаушысымын. Сонымен қатар Мұхит Қасқырбаев, Мұқан Байболсынов, Зікіра Қожаев, Рақым Балаев және тағы да басқа ақындардың әндерін орындаймын.

Білуімше, Ресейде сізге «Человек–Оркестр» деген атақ берілді. Бұл өзі қалай болды? Неліктен «Человек–Оркестр»? Өзіңіз түсіндіріп берсеңіз.

– «Человек–Оркестр» деп айтатын себебі мен Отырар сазы оркестрінің қобыздарын тағы басқа аспаптарын, барабан, сылдырмақтарды, дауылпаздардың бәрін де өзім дауыспен, қолмен, аяқпен салып отырамын. Сөйтіп 14–15 музыкалық аспапты бір өзім ойнайтынмын. Былай айтқанда бір фольклорлық топ ойнап жатқан секілді болады. Алайда бұның бәрін де бір өзім ойнайтынмын. Бұған тек қана музыкалық термин бойынша унисон ойнасаң бір жуан, бір жіңішке қылып бұл қызық емес болып қалады. Ал терция, секунда дегендерді паузаға бөліп тұрып ойнаймын. Бұлай ойнау көптеген домбырашыларға, музыканттарға өте қиын. Бірақ мен мектепте домбырадан, училищеде виолончельден, институтта рухани эстрадadan білім алғанмын. 2–ші курстан бастап хорда ән салдым. Сондықтан да маған бұл жағы аса қиындық тудырған жоқ.

2002 жылы Ярославль қаласында қазақтың домбырасымен өнерімді көрсетіп 60 қатысушының ішінен бірінші орын алдым. Сол кезде осы ерекшелігіммен көзге түсіп, жоғары деңгейде аспаптармен әуен салдым. Себебі музыкада тіл жоқ. Майкл Джексон өлең айтқан кезде бүкіл әлем тыңдады емес пе?! Сол секілді қазақтың музыкасын неге басқа ел, ұлт тыңдамасқа дедім. Өзімнің композициямды орындаған кезде орыстар да, басқасы да, таң қалып, таңдайларын қақты. Осылайша мен бірінші орын алған жайым бар. Сонымен қатар Ресейдің мәдениет министрінің қолынан алған дипломым бар. Және «Мәдениет қайраткері» деген атақты да Ресей мемлекеті атынан Қазақстан министрлігіне жіберген жағдайым бар.

Байқауымша, сіз көбіне елім, жерім деп жырлайтын адамдардың қатарынан екенсіз. Концерттерде де үнемі қазақы нақыштағы, ою–өрнектелген киіммен жүреді екенсіз. Бұндай стильге қалай және қай уақытта келдіңіз?

– Мен өзім негізінен 5 жасымнан бастап ән шырқадым. 2–ші класта оқып жүргенімде Кентау қаласының қазіргі Шәмші Қалдаяқов атындағы мәдениет сарайында сахнада ән сала бастадым. Көптеген концерттерге мені Хантағы ауылына арнайы көлік жіберіп шақырты. 2–ші сыныпта маған арнайы костюм тігілді. Мен домбырамен ән шырқайтын болғандықтан, оның ою–өрнегі бар болатын. Ұлымның ою–өрнектері, салт–дәстүрлері маған өзіме қатты ұнайды. «Каждому своя рубашка ближе к телу» деп орыстар айтады ғой. Маған да ұлттық киім жарасымды. Мерекелік шараларға ұлттық киімде, шапанда барамын. Өйткені мен ел екенімізді, қазақ екенімізді көрсету үшін ұлттық киімді пайдаланамын және осы арқылы ұлттық колорид сені ортада танытып тұрады. Ол сол ортаға танымал болайын деген ниет емес. Керісінше, ол менің ұлттық киіммен мақтанатынымды, ұлттық мәртебені биік қоятынымды көрсетеді.

Сізге әлемде болып жатқан індет қалай әсер етті? Не дегенімен асабалық қабілетіңіз бар еді ғой. Той–думан тоқтап қалды дегендей...

– Індет ол барлығына ортақ. Әлемге, дүние жүзіне ортақ індет болып келді. Бірақ «Аштықтың да, тоқшылығы болады» деп Алла қаласа мен жақсылықтың жаршысы ретінде бір нәрсе айтқым келеді. Өлгі тамыз айында жаңбыр жаумайтын дейтін, алайда ілуде жауған кезде ілгеріде ақсақалдарымыз емге жауды дейтін. Биылғы тамызда жаңбырдың аспан тесіліп кеткендей жауғанын жақсылыққа жорыдым. Күн күркіреп, найзағай ұрып, нөсерлеп–нөсерлеп тұрып жауған кезінде мен ойлаймын індеттің бәрін де сол жаңбырлар алып кетті–ау деп. Дегенмен де алғашқы кездегіден індет азайған секілді. Мен де пандемия кезінде ауырып, о дүниеге барып кел-

гендей болдым. Өте қатты қысылып, өліп кете жаздадым. Шүкір Алламы осы уақытта күш–қуат, жігер берді. Соның арқасында аяғымнан нық тұрдым. Ал енді той домалақ болмай қалды деуге болмайды. Бауыржан Момышұлы айтпақшы «Тәртіпсіз ел болмайды, тәртіпке бас иген құл болмайды» деп тәртіп болуы керек, індет өршіп тұрған кезде ол адамдардың өздері автоматты түрде тойды тоқтатты. Қазір індеттің беті сәл қайта бастағаннан кейін кішкене тығылып 30, 40, 50 адамға той жасап жатқан жағдайлар бар. Азын-аулақ тойларға елдің қызықшылығын бұзбайын деп, баратыным рас. Өнімді айтма, әңгімеді айтма да қайтамын. Бірақ денсаулық өркіміңізі өзіне керек. Сол себепті кішкене қорқасың да, бірақ «Е, Алла қуат бер» деп Алладан сұрап, Алладан тілеп барамын.

Сіздің өмір жолыңыздағы бір қызықты, есте қалған оқиға жайында айтып берсеңіз.

– Өмірде қызықты өте оқиғалар көп. Алайда есіме түсіп отырғаны осы Шымкенттен Астана (Нұр–Сұлтан) қаласына ұшып бара жатқанда қасымдағы досым: «Артымызда кім отырғаның білесің бе? - деді. Кім отыр деп едім, Мәсімовтың әкесі отыр деді. Ол Мәсімовтың әкесі түгіл Назарбаев, Тоқаевтың әкесі отырса да, бәріміз де бір ұшақтың жолаушысымыз. Межелі уақытта 40 минут Астанаға (Нұр–Сұлтанға) тік ұшақ қона алмады. Бұл 2014 жылдың 17-сәуірі болатын. Ішіндегі жолаушылар біраз ауырып қалды. Адамдар жанын шүберекке түйіп, иманың үйіріп, енді не болады екен деп қысылып-қымтырылып отырғанда мен домбырамды алып, сол жерде жарты сағатқа жуық уақыт концерт бердім. Солай тікұшақ қонып, барлығы шапалақ ұрып ықыластарын білдірді. Алайда ішінен орыс кемпір ғана «спасибо, дорогой ты нам дарил радость, счастье» деп рақметін айтып, қуанғанын жеткізіп жатты. Бұл, әрине, айтқанға жеңіл, бірақ сол уақытта не болады екен деп, өзім де іштей қорқып тұрмын ғой. Алла ақырын беріп Астанаға (Нұр–Сұлтанға) қонды. Міне осындай бір қызық сәттер болған еді.

Ал сізге 18 жасар бала Абылайхан кезіне қайтып келесіз десе, өміріңізде нені өзгертер едіңіз және бала Абылайханға қандай ақыл–кеңес берер едіңіз?

– Білімсіз күнің жоқ деп айтып жатады ғой. Білетінің тоғыз, білмейтінің тоқсан тоғыз. Уақыт өтіп кеткеннен кейін ананы өйтпедім, мынаны сөйтпедім деудің қажеті жоқ. Абай Құнанбаевтың өзі «Қолымды мезгілінен кеш сермедім» деп жырлаған. Өл–Фарабиден бұл өміріңізде не арманыңыз бар десе, көп нәрсе біле алмай кеттім деген болатын. Ал олар дүние жүзіне аты мәлім ұлы тұлғалар. Олармен біз өзімізді салыстыра алмаймыз ғой. Шәмші Қалдаяқов 50 жасына келгенде кезінде зейнетақы жүрмей қалған кезінде Бутовтың кітабына енді әрі қарай күнім қалай болады екен деп жазған еді. Ал енді қарап тұрсаң Шәмші Қалдаяқовтың өні қазір Қазақстанның әнұранына айналды. Міне сол үлкен кісілердің, алдымыздағы аға буындардың жіберген қателерін жасамауға тырысамыз. Сол сияқты өсіп келе жатқан жастар үшін менің де жіберген қателерімді жібермесе екен деймін. Мүмкін болғанша оқығандары бұрыс, тәжірибеден өткендері дұрыс. Адам көбінесе тәжірибеден шыңдалады. Ал бірақ ілім де, білім де керек. Конфуцийдің айтқаны бар «Балаңа білімді де, ілім де бер, байлықта бер, бірақ рухани байлық бермесең, бәрібір өз ұлтыңа қатер алып келеді» деген. Сол себепті біздің рухымыз жоғалмауы керек! Рухты, ілімді-білімді халық болуымыз керек! Мен дәл осылай айтқан болар едім.

– Сұхбат бергеніңіз үшін алғысым шексіз!

– Сізге де рақмет!

Сұхбаттасқан: Назым ТОҒЫЗБАЕВА

**4-5 беттегі материалдарды жинақтап, баспаға әзірлеген: Гүлжан НИЯЗОВА
1-курс студенті**

GAZETTİN TÜRK TILINDEĞİ QOSYIMSHASY



“Yunus Emre Yılı ve Türk Dili Yılı” Konulu Online Konferans

Üniversitemiz, Anadolu Üniversitesi ile birlikte online konferansa ev sahipliği yaptı.

Toplantıya Türkiye Cumhuriyeti Cumhurbaşkanı Başdanışmanı Profesör İbrahim Kalın, Kültür ve Turizm Bakan Yardımcısı Serdar Çam, Türkiye Cumhuriyeti Kazakistan Büyükelçisi Ufuk Ekici, Mütevelli Heyet Başkanı Muhittin Şimşek, Anadolu Üniversitesi Rektörü Fuat Erdal, 400'den fazla seyirciler katılmıştır.

Türkiye Cumhuriyeti Cumhurbaşkanı Recep Tayyip Erdoğan'ın kararıyla 2021 yılı “Yunus Emre ve Türkçe Yılı” ilan edilmiştir. Bununla ilgili bir dizi etkinlik bugün

başlayacak.

Büyük atamız Ahmet Yesevi'nin manevi mirasının halefi olan Yunus Emre, Türk dünyasının önemli bir temsilcisidir. 13. yüzyılda ünlü Anadolu şairi Yunus Emre, Hoca Ahmet Yasavi'nin izinden gitmiş ve şiirlerini Türkçe yazmıştır. Türk-İslam yazılı edebiyatını oluşturdu. “Risaletü'l nuşiye”, “Yunus Emre Divanı” gibi eserleri dünya çapında yaygın olarak dağıtılmıştır.

Toplantıda konuşan Rektör B. Abdrasilov, üniversitenin bu yıl planlarını paylaştı ve katılımcılara teşekkür etti. Konferans, her iki ülkeden bilim adamlarının sunuşları ile devam etti.

DEVLET MEMURLARI OKULU'NDA YENİ DÖNEM AÇILMASI

Kültür Merkezi'nin küçük salonunda Devlet Memurları Okulu'nda yeni bir dönem açılış töreni düzenlenmiştir. Bu proje, Türkistan Eyaleti Kamu Hizmeti Ajansı ile ortaklaşa yürütülmektedir.

Açılış törenine Türkistan Eyaleti Kamu Hizmeti Ajansı Başkanı Aybek Şilmanov katıldı.



Toplantı açılışında, Üniversitesi Rektörü Bolatbek Abdrasilov, okulun başarıları ve planlarından bahsetti:

“Daha önce okul mezunlarının çoğunun çeşitli hükümet görevlerinde bulduklarını, kamu hizmetinin koşullarına hızlı bir şekilde adapte olduklarını ve başarılı bir kariyer gelişimi sergilediklerini fark ettik. Öğrencilerimize bol şanslar diliyorum!”

Devlet Memurları Okulu, 2018-2019 eğitim-öğretim yılından beri faaliyet göstermektedir. 3-cü yılda 21 öğrenci okula kabul edildi. Okulda öğrenciler, kişisel ve yönetsel yeterlilikleri geliştirmenin yanı sıra memurlar için sınavlara hazırlanmayı amaçlayan eğitimini görür. Türkistan bölgesinin devlet kurumlarında staj yapıyorlar.

Toplantı, ZOOM ve YouTube'da (yassawi tv) canlı yayınlandı.



ÖĞRENCİLERİMİZ, NAZARBAYEV OKULU SEÇİM SINAVLARINA KATILMIŞTIR

Türkistan'da Nazarbayev Okulu açılıyor! Bu nedenle üniversitemiz tarafından lisans ve doktora öğrencileri arasından öğretmen seçimi konusu ele alındı. Üniversitemiz, başkentten gelen Nazarbayev Okulu temsilcileriyle birlikte seçim sınavını düzenlemiştir.

Test sınavına Üniversitemizden yaklaşık 120 öğrenci katılmıştır. Açılışta Üniversitesi'nin Akademik İşlerden Sorumlu Rektör Yardımcısı Omirbek Umbetov:

– Bu yıl 16 pedagojik uzmanlık dalında 574 mezunumuz var. Bugünkü testler hem bizim için hem de öğrencilerimizin seviyelerini göstermeleri için büyük bir fırsattır. Öğrencilerimiz dört dilde konuşup bunları teorik ve pratikte kullanabilirler. Bu test, öğrencilerimizin iş bulması için iyi bir imkandır.

Pedagojik Ölçümler Merkezi Baş Uzmanı Berik Seksenbaev, AEO “Nazarbayev Entelektüel Okulları”:

– Yakında Nazarbayev Okulu, Türkistan'da açılacaktır. Bu bağlamda, bugün Ahmed Yesevi Üniversitesi ile birlikte öğretmen seçimi testini yaptık. Test, üniversite öğrencilerinin bilgi ve okuryazarlık kalitesini gösterecektir. Sınav katılımcılarının gelecekte yüksek nitelikli uzmanlar olacağını ve Nazarbayev Okullarında çalışacaklarını umuyoruz.

Saule Erbolinskızı, 4. sınıf öğrencisi:

– Bugünkü testleri bizim için herhangi bir zorluk yaratmadı. Çünkü çalıştığımız uzmanlık alanında testler aldık. Aynı zamanda üst düzeyde eğitim alıyoruz. Bu nedenle bugünkü sınavlara katılan öğrencilerin ciddi zorluklar yaşamadıklarına inanıyorum. Umarım bugün yapılacak sınavlara katılan tüm katılımcılar, gelecekte Nazarbayev Okulu'nda çalışacaktır.

Sınavı geçen ve iyi notlar alan adayların okulun kural ve yönetmeliklerine göre taranarak işe alınması planlanmaktadır.



ГАЗЕТТИҢ ТҮРІК ТІЛІНДЕГІ ҚОСЫМШАСЫ

SEIDULLA SADYKOV EN İYİ ÖĞRET MEN OLDU

Qazsaq Media Corporation, bu yıl öğretmenler arasında “Lider-Eğitimci 2021” arasında yarışma düzenledi. Bu yarışmada üniversitemiz profesörü Seydulla Sadıkov “En İyi Öğretmen” kategorisinde birinciliği kazanmıştır. Qazsaq Media, “yarışmaya katılanların iyi hazırlandığını ve ülkemizin en iyi öğretmenleri arasında yer aldığını” kaydetti.

Gazetecilik Bölümü Öğretim Elemanı Seydulla Sadıkov’u hak ettiği ödülle kutluyor, başarıları diliyoruz!




KUTLUYORUZ!

Tıp Fakültesi Öğretim Üyesi, Prof. Dr. Usen Bayzak, Rusya Fen Bilimleri Akademisinin akademisyeni oldu.

Uzun yıllara dayanan deneyime sahip olan Usen Bayzak, tıp öğrencilerinin mesleki eğitiminde tıbbi ekipman kullanımı için bilimsel ve pedagojik temelinin oluşturuldu. Bu konuda doktora tezini savundu. Ayrıca Usen Bayzak, sınava hazırlık için yeni bir teknoloji geliştirdi ve öğrenci performans göstergelerini standartlaştırma sistemini sundu. Uzun yıllara dayanan bilimsel ve pedagojik araştırmalar sonucunda üniversite öğrencileri için 10’dan fazla ders kitabı yayınladı.

Usen Bayzak’ı tebrik ediyoruz!



“DOKTRINLER. KAVRAMLAR. VERİMLİLİK KOŞULLARI” KONULU ONLINE DERS DÜZENLENMİŞTİR


4 Şubat 2021’de Uluslararası Kazak-Türk Üniversitesi öğretim personeli ve öğrencileri için Astana Sivil Hizmet Merkezi Yönetim Kurulu Başkanı Alihan Baymenov tarafından “Doktrinler. Kavramlar. Verimlilik koşulları” konulu online ders düzenlenmiştir. Etkinliğe Üniversite Rektörü Bolatbek Abdasilov, Kazakistan Cumhuriyeti Kamu Yönetimi Akademisi Rektörü Yerlan Abil, İktisadi Araştırmalar Enstitüsü temsilcileri, üniversitemiz öğretim üyeleri ve öğrencileri katılmıştır.

Rektör B.S. Abdasilov, 2020-2021 bahar döneminde üniversitemiz ile Astana Sivil Hizmet Merkezi arasındaki işbirliğini daha da güçlendirmek için bir dizi açık konferans yapılacağını vurgulamıştır. Dersler, Astana Sivil Hizmet Merkezi uzmanları tarafından verilecektir. Dersler, kamu yönetimi, yeni yönetim yöntemleri, kamu hizmeti, stratejik öngörü, COVID-19 salgınının etkisi vb. konuları kapsayacaktır.



İŞBİRLİĞİNİ GÜÇLENDİRME SEMİNERİ

9 Şubat 2021’de Ahmet Yesevi Üniversitesi ile Korkıt Ata Üniversitesi arasında işbirliğini güçlendirmek için ortak bir seminer düzenlendi. Seminerin konusu: “Lisans öğrencilerinin bilimsel çalışmalarının sistematik hale getirilmesi ve pedagoji alanında bilimsel araştırmanın geliştirilmesi.” Seminer sırasında iki üniversitenin öğretmenleri, bu tür işbirliği içerisinde yürütülen ortak araştırmanın öğrenciler ve danışmanları için çok faydalı olduğu sonucuna vardılar. Katılımcılar gelecekte 7M01506-Fizik uzmanlığında ortak eğitim programı geliştirme niyetlerini dile getirdiler. Seminere üniversitemiz ile Korkyt Ata Üniversitesi bölüm başkanları ve öğretmenleri katıldı.



TÜRKOLOJİ ENSTİTÜSÜNDE NADİR ESERLER

Üniversitemiz Türkoloji Enstitüsü tarafından “Türkoloji Araştırma Enstitüsü fonunda nadir eserler” adlı online seminer düzenlenmiştir.

Seminerde özel bir sunum hazırlayan Z. Muminova, Enstitü’nün nadir eserleri anlattı. Şu anda iki ciltlik katalogta gruplandırılan 500’den fazla eserin çoğu nadir eserler olarak tanımlandı. Türkoloji Enstitüsü’nün fonunda destanlar, masallar, efsaneler, dini eserler ve kitaplar bulunmaktadır. Bunlar arasında Yesevi, Nevai, Fizuli, Yusuf Hashacib, Maşrab, Rumi gibi ünlü yazar ve şairlerin eserleri var. Bazı eserler 700 sayfaya ulaşıyor. El yazmaları Arapça, Farsça, Eski Türkçe, İbranice, Kazakça ve Özbekçe dillerinde Arap, Latin ve Kiril alfabetiyle yazılmıştır. Z. Muminova, Türkistanlılarda henüz incelenmemiş değerli eserlerin olduğunu kaydetti.

Seminere, Rektör Vekili Prof. Dr. Cengiz Tomar, Prof. Dosai Kenzhetai, Prof. Bülent Bayram, katılmışlardır. Seminerin sonunda Z. Muminova’ya teşekkür mektubu verilmiştir.

Türkoloji Bilimsel Araştırma Enstitüsü



СОҢҒЫ БЕТ

НАУРЫЗ ҚАНША КҮН ТОЙЛАНАТЫНЫ БЕЛГІЛІ БОЛДЫ

Наурыз мейрамын тойлауға қатысты іс-шаралар 14-23 наурыз аралығында өткізілетіні хабарланып отыр.

Қазақстанда Наурыз 10 күн тойлануы мүмкін. Ашық НҚА сайтында Наурыз мейрамын атап өту тұжырымдамасын бекіту жобасы пайда болды.

Құжатқа сәйкес,

14 наурыз – "Көрісу күні"
15 наурыз – "Жайлау күні"
16 наурыз – "Шежіре күні"
17 наурыз – "Тарихқа тағзым күні"
18 наурыз – "Игі істер күні"
19 наурыз – "Шымырлық пен шеберлік күні"
20 наурыз – "Зияткерлік күні"
21 наурыз – "Ұлттық тағамдар күні"
22 наурыз – "Ұлыстың ұлы күні"
23 наурыз – "Жоралғы күні".

"Наурыз мейрамын тойлауға қатысты іс-шаралар 14-23 наурыз аралығында өткізіледі (10 күн)", - деп жазылған құжатта.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев "Тәуелсіздік бәрінен қымбат" атты мақаласында көктем



мерекесі - Наурыз мейрамының мазмұнын байыта түсетін тұжырымдама жасауды ұсынған болатын.

"Мейрам кезінде ұлттық құндылықтарды дәріптеу мақсатында халық жаппай ұлттық киімдерімізді киіп, төл ойындарымызды ұйымдастырып, көпшілік орындарда (сауда орталықтары, вокзал, әуежай, қонақүй т.б.) ұлттық музыка ойнатылуын қамтамасыз ету, салт-дәстүрлерімізді жаңғыртып, жас ұрпаққа Ұлыстың ұлы күнінің маңызы жөнінде өсиет, өнеге айтуы маңызды", - деп жазылған тұжырымдамада.

Наурыз 10 күн аталып өтеді. Қазақстандықтар бұл мейрамда бес күн – 20, 21, 22, 23, 24 наурызда демалады. Наурыз мейрамының алғашқы күні жексенбіге сәйкес келгендіктен, демалыс күні сәрсенбі 24 наурызға ауыстырылды.



ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ ЖАСАУ – ҚАЙЫРЛЫ ІС ДЕСЕК ТЕ..

Қай қоғамда болмасын қайырымдылық жасау, жағдайы төмендерге қол ұшын созу құптарлық тірлік. Ерікті түрде қиналған жандарға қаражат жинап, аз да болса өз жәрдемдерін тигізіп жүрген жандар аз емес. Тағдырдың төлкегіне ұшыраған жандарға құмырсқаның қанатымен су сепкендей үлестерін қосып жүрген жандарға қарап сүйсінесің? Алайда «Айдағаны бес ешкі ысқырығы жер жарған» жандар да бар. Бес саусақ бірдей емес. Жасаған жақсылығын жарқыратып жарияға жар салатын жандарды түсіне алмадым. «Қайырымдылықтың ең үлкені – айтпай істеген жақсылық», «Қайырымдылықты неғұрлым жарияламай жасырын істесең, соғұрлым табысың еселенеді» деген екен. Қасиетті Құранда «Ей, Мұхаммед! Оларды тура жолға салуға сен жауапты емессің. Алла қалаған пендесін өзі тура жолға салады. Қайыр – садақа ретінде не берсеңдер де өздерің үшін (жақсы болады). Не берсеңдер де, тек Алланың разылығы үшін берулерің керек. Ізгілік жолында не жұмсасаңдар да, соның бәрі өздеріңе толық қайтарылады және сендер әділетсіздікке ұшырамайсыңдар (яғни, сауаптарыңды толық аласыңдар)» деген Алланың әмірі бар.

Жуырда жұмысқа қарай асыға басып келе жатсам, «Нұрай» сауда орталығының алдындағы төлем кассасының жанында бір келіншек көмек сұрағандай жолыма көлденең тұра кетті. Алғашында төлем кассасын қалай пайдалануды білмей тұр ма деген ой келді. Кейіннен барып, өзінің несиесі қарызын төлем кассасына төлеп жатқанын ұялы телефонына бейне жазбаға түсіруін өтінді. Уақытым тығыз болса да, келістім. Бейне жазбада, сіздердің берген қаражаттарыңызға несиемді төлеп жатырмын – деп, әлдебіреулерге алғысын жаудырып жатты.

Қайырымдылық жасау – сауапты іс. Бірақ, оны суретке видеоға түсіріп, басшыларына есеп беру үрдіске айналып кетті. Жағдайы төмен жандарға берген азынаулақ көмегін суретпен, бейне жазбамен дәлелдеу үшін әлеуметтік желіге салады. Тағдыры талқыға түсіп, тауқымет көріп жүрген кісілерді суретке түсіріп елге көрсету адами тұрғыдан дұрыс па?! Сіз қалай ойлайсыз?

Жанар БЕЙСЕНБАЕВА

ҚОЙ ҚҰЛАҒЫН КІМ ЖЕЙДІ?

Жуырда оқыған-тоқығаны көп, аспай-саспай мәнермен сөйлейтін, жасы сексенге тақаған Әлихан деген қартпен табақтас болудың сәті түсті. Үлкен астын алдында әдеттегідей алдымызға бас келді. Бір құлағы шұнтып кесілген, езіліп піскен басты мұжіп отырған қария: «Мұның екінші құлағының қайда көткенін білесің бе?» деп төтеннен сұрақ қойды. «Далада жүгіріп жүрген ойын балаларының бірінің қолында жүрген шығар» дедім мен де қарияның нені меңзеп отырғанын шамалап. Қарт табаққа басты салып алып кірген жігітке сұраулы жүзбен қараған еді, ол: «Босағада жиен балаға кесіп берген едім» деп, бірдеңені бүлдіріп алдым ба дегендей мұңая қалды...

– Құлағын кесіп балаға бергенін дұрыс, бірақ осы үйдің баласына бергенін жөн болар еді, – деп қария бір әңгіменің құлағын қылтитты.

– Ілгеріде бір жолаушы жолсоқты боп, қаталап шөлдеп, қарны ашып, түн ортасында «құдайы қонақпын» деп ауыл шетіндегі бір үйге тоқтайды. Үй иесі қазақы дәстүрмен жөн сұраспай, жолаушыға қазан көтеріп, барын алдына тосып, сыралғы құдасындай күтеді. Ас үстінде әңгіме тиегі ағытылып, екеуінің сөзі жарасып, таңның қалай атқаны да білінбей қалады. Отағасы мен қонақ бірін-бірі



қимастан дос тұтып, қоштасар сәтте үй иесі құдайы қонағын құшағына қысып тұрып: «Қалауыңды ал!» дейді. Жолаушы: «Мана есіктің алдында жүгіріп жүрген бір күшті көріп едім, соны бәсірелейінші» дейді. «Ойбай-ау, дұрыстау бір нәрсе сұрамадың ба? Мейлі, қонақтың қалауы мен үшін – заң. Ал, қалауыңды» дейді үй иесі. Сәлден соң, қонақ: «Жоқ, айныдым. Күшті емес, ана есік алдында жатқан шиды алайын» дейді. «Мейлі» дейді үй иесі. Жолаушы бес-алты қадам жүріп барып: «Айып етпе, қожайын, тағы айныдым. Шиды емес, қара қозыны алатын болдым. Тек бауыздап, етін жақсылап асып, қоржыныма салып берсең болғаны» дейді. Үй иесі: «Қалауың білсін» деп, қаракөлі сойып, мылжалап пісіріп, бас-сирағымен қонақтың қоржынына сала бастағанда, құдайы қонақ: «Отағасы-ау, бастың бір құлағы қайда?» дейді. «Құлағын үйдегі мына бала жеп қойып еді» дейді мал иесі. «Ең-деше, мұны да алмайтын болдым. Ырысы өздеріңізге бұйырсын!» деп жолаушы жолға жинала бастайды. Үй иесі: «Оу, мұның қалай? Күшті алам дедің – алмадың, шиды алам дедің – оны да алмадың, қозы алайыншы деп едің – одан да бас тарттың. Мұның сыры неде?» деп сұрайды. «Басыңнан бағың арылмайтын жақсы бір жан екенсің, досым. Сенің берекелі ырысың маған да жұғысты болсыншы деп әдепкіде бәсіре етіп күшті қалағаным рас. Кейін көзім шалып қалды, күшкі жүгіріп жүріп есіктің алдында жатқан шиды шаптырып кетті. Е, ырыс шиды ауды ғой деп, шиды қаладым. Сөйтіп тұрғанымда қозы келіп шиды жалады. Ырыс қозыға ауды-ау деп қозыға құда түстім. Қозының еті піскенде оның құлағын үйіңіздегі балаңыз жеп қойды. Отбасыңыздағы ырыс пен бақ-береке жалғыз мұрагеріңіз – балаңызға ауды. Бұл Алланың ісі. Бақ сіздің үйден сыртқа кетпейтінін түсіндім» деп жолаушы ризалықпен қоштасып, әрі қарай жол жүріп кеткен екен. Міне, қойдың бір құлағын осы үйдің баласы жесін деуімнің мәнісі осы еді, – деп Әлихан қария сөзін аяқтады...

Ал, сіздің әулетте қалай? Қой құлағын кім жеуші еді?

Б. СЕРДӘЛІ

Ясауи университеті

УНИВЕРСИТЕТ СТУДЕНТТЕРІНІҢ ҮНІ

Газет 1995 жылдан шыға бастады

Меншік иесі: Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

Редактор: Жанар БЕЙСЕНБАЕВА

Ақпарат орталығы

Журналистер:

Бекжігіт Сердәлі

Эльмира Артықбаева

Дизайнер:
Мұрат ШАХАНБАЕВ

Фото маманы: Нахып Шынтеміров

Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді және кері қайтарылмайды. Редакцияға жолданған хаттар 1,5 машинкалық беттен аспауы тиіс. Автордың пікірі, мақалалары, ашық хаттары мен үндеулері редакцияның көзқарасын білдірмейді. Кейбір суреттер интернеттен алынды

Газетті есепке қою туралы

№11180-Г куәлікті 2010 жылы 4 қазанда Қазақстан Республикасының Байланыс және ақпарат министрлігі берген.

2019 жылдың қаңтарынан бастап «Ясауи университеті» газеті электрондық және интернет форматында шығарыла бастады.

Редакция мекен-жайы: 161200, ОҚО, Түркістан қаласы, Б.Саттарханов № 29, бас оқу ғимараты 601-кабинет. Байланыс телефоны: 8 /72533/ 6-38-13, ішкі (1020) Эл.пошта: a.yassau@mail.ru